

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 3 наурыздағы N 366 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 сәуірдегі N 3698 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 414 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 09.12.2020 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымшаға сәйкес қосымша реттелсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы мәслихатының
XLVIII сессиясының төрағасы*

А. Кершис

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы
мәслихатының хатшысы*

Қ. Шәріпов

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша
ауданы мәслихатының 2016 жылғы 3
наурыздағы № 366 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу

1. Осы жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу (бұдан әрі – Қосымша реттеу) "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" **1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, жергілікті жердегі жағдайларды және** Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы аумағындағы **Қоғамдық кеңестің ұсымдарын ескеріп әзірленді.**

2. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсаттарға сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

3. Митингілер және жиналыстар өткізілетін орындар:

- 1) Тайынша қаласы, "Достық" орталық алаңы;
- 2) Тайынша қаласы, "Достық" паркі.

4. Шерулер мен демонстрациялар мына маршрут бойынша өтеді:

- 1) Тайынша қаласы, "Тайынша Агробизнес колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен бастап Қазақстан Конституциясы көшесі бойынша "Достық" орталық алаңына дейін;
- 2) Тайынша қаласы, "Достық" орталық алаңынан бастап Қазақстан Конституциясы, Мағжан Жұмабаев, 50 лет Октября көшелері бойынша "Жеңіс" орталық стадионына дейін.

5. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтайды.

6. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді немесе демонстрацияларды өткізу орындарында шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

- 1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;
- 2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;
- 3) ауданның жергілікті атқарушы органымен келісусіз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;
- 4) шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;
- 5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;
- 6) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;
- 7) егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны

өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік актілердің басқа жағдайларын бұзу болса немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса;

8) алкоголь ішімдіктерін ішуге, есірткі заттарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын, прекурсорларды қолдануға;

9) қоғамдық тәртіпті бұзуға, қоғамға қарсы мінез-құлыққа және басқа құқық бұзушылыққа шақыратын транспаранттар, ұрандар, басқа да материалдар (визуалды, аудио/видео) пайдалануға, сондай-ақ көпшілік алдындағы сөздерге ж о л б е р і л м е й д і .

7. Пикет өткізу кезінде:

1) пикет өткізілетін объектінің маңында тұруға, отыруға;

2) көрнекі насихат құралдарын пайдалануға;

3) пикет тақырыбы бойынша қысқа ұрандар, слогандар айғайлауға рұқсат б е р і л е д і .

8. Пикетті митинг, жиналыс, шеру немесе демонстрацияның басқа нысанына өзгерту, өзге түрде жалғастыру үшін белгіленген тәртіпте Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің рұқсатын алу қажет.

9. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігінен жиналысты, митингіні, шеруді, пикетті, демонстрацияны өткізуге бас тартылған немесе оған тыйым салу шешімі шығарылған жағдайда уәкілдер (ұйымдастырушылар) барлық дайындық іс-шараларын тоқтату бойынша және бұл туралы ықтимал қатысушыларды тиісті хабардар ету бойынша шара қолдануы қажет.

10. Бұқаралық шараларды темір жол су және әуе көлігінің объектілерінде, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді .

11. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі өкілінің талап етуі б о й ы н ш а :

1) өтініш берілмеген болса;

2) тыйым салу туралы шешім шығарылса;

3) оларды өткізудің тәртібі бұзылған жағдайда;

4) азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе;

5) қоғамдық тәртіп бұзылған жағдайда тоқтатылады.

12. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі өкілінің заңды талаптарын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары тарапынан жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату бойынша қажетті шаралар қабылданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК